

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**МROVP -4312 Жекелеген қылмыстарды тергеу әдістемесі пәні  
бойынша семинарлық сабақтарды жүргізуге  
арналған**

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**( «6B12302» - Құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасы  
бойынша)**

**АЛМАТЫ 2023 ж.**

Әдістемелік нұсқаулар қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к. Г.М. Атахановамен дайындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

\_\_\_\_\_ Д.Л. Байдельдинов

Хаттама « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ ж.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің «6В12301» - Құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасы студенттері үшін «Жекелеген қылмыстарды тергеу әдістемесі» пәні бойынша семинарлық сабақтарды жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар.**

## 1. Жалпы ережелер

6В12301-“ Құқық қорғау қызметі”білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып семинарлық сабақтар танылады. Ұсынылып жатқан жалпы ережелер тек қана ұсынушылық сипатқа ие.

**Тәжірибелік сабақтар** оқу үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Тәжірибелік сабақтардың мақсаты – дәрістен алған білімді тереңдету, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру. Тәжірибелік сабақтар студенттерге заңи терминологияны меңгеруге, сөйлеу мәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектесіп, оралымды екі жақты байланыстың құралы болып табылады.

Студенттер тәжірибелік сабақтарда нақты жағдайларға құқықтық нормаларды қолдану, нормативтік құжеттарды түсіндіру, көптеген құқықтық актілердің ішінен тиісті нормаларды таңдап алу машығына, өзінің даралығын, ойлау дербестігін, өз пікірін аяғына дейін ұстану қабілетіне ие болады.

Тәжірибелік сабақтардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабаққа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің сабаққа дайындығын анықтап, сабақтың тақырыбы мен жоспарын жариялайды); материал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талдау және есептерді шығару); сабақты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап, бағаларды жариялап, түсінедіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді көрсетіп, келесі сабаққа тапсырма береді). Тәжірибелік сабақтардың негізгі бөлімі теориялық сұрақтарды есептерді шешумен оралымды үйлестіруге арналуы керек, уақыттың елеулі бөлігі есептерді шешуге жіберіліп, 50 минуттық сабақ барысында теориялық сұрақтарды талдауға 10-15 минут уақыттың жұмсалуды ұсынылады. Теориялық сұрақтарды талдау әртүрлі: студенттердің баяндамалары, есептерді шешу, теориялық семинар жүргізілуі мүмкін.

Оқытушы студенттерге баяндаманың қандай талаптарға сәйкес келуі қажет екендігін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын белгіліген соң, жұмыста пайдаланылған авторларды атап, баяндаманың жоспарын және баяндама бойынша тиісті сұрақтарды қайнар көздерге сілтеме, авторлардың пікірін келтіре отырып, мүмкіндігінше өз пікірін білдіре отырып жан-жақты түрде баяндау қажет.

Есептерді шешу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру түрінде жазбаша нысанда студенттердің дәптерлерінде болуы қажет. Есепте берілген әрбір оқиға, жағдай олармен байланысты сұрақтарды заңи бағалауды талап етеді. Әр сұраққа заң нормаларына сілтеме жасай отырып, нақты жауап берілуі (иә, жоқ) керек. Студент тиісті норманы қалай қолданғанын, сәйкес жағдайларда ҚР Жоғарғы сотының нормативтік

қаулыларына, ғылыми түсіндірулерге сілтеме жасай отырып көрсетуі қажет. Осы әдіснаманы меңгерген студент кәсіби міндеттерді тиімді шешуге байланысты тәжірибелік машыққа ие болады.

**Семинар** (лат. *seminarium* – рассадник, көшет) – жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау түрінде студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны. Тәжірибелік сабақтарға қарағанда семинар теориялық сипатқа ие және белгілі бір пәнде терең бағытталған. Семинар сабақтары оқушыларды оқу-танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабақтарының басты мақсаты – студенттерді зерттелінетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағдылары мен машықтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Негізгі мақсаттық бағытына байланысты семинардың үш типін ажыратамыз:

1) белгілі бір оқу курсы терең зерттеуге арналған, осы курстың материалымен тақырыптық байланысты семинар;

2) әдіснамалық тұрғыдан маңызды курстың немесе белгілі бір тақырыпты негізді түрде дайындауға арналған семинар;

3) арнайы семинарға ұласуы мүмкін, жекелеген өзекті мәселелерді ғылыми өңдеуге арналған зерттеу типіндегі семинар.

Арнайы семинар белгілі ғалымның жетекшілігімен белгілі бір проблемаға байланысты жас зерттеушілердің қарым-қатынасының мектебін білдіреді. Тәжірибелі жетекші ғылыми шығармашылықтың ауа-райын қалыптастырып, студенттерді ұжымдық ойлау қызметіне бағдарлап, зерттеу жұмысының тиімді әдістерін пайдаланады. Қорытынды сабақта оқытушы студенттік ғылыми жұмыстарға толыққанды шолу жасап, қорытындылайды, қарастырылған проблемалардың ары қарата зерттелу мүмкіндіктерін аша отырып, қызығушылық білдірген студенттердің осы проблемаларды зерттеуге қатысу мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Семинар сабақтары дәріс сабақтарымен тығыз байланысты, дегенмен де семинардың оқу материалы дәріс материалың қайталамайды. Оқытушының жетекшілік рөлі оқу жұмысын тиянақты жоспарлаудан, маңызды сұрақтарды семинарда талдауға бөліп шығарудан, дербес дайындалу үшін әдебиеттерді таңдаудан, талқылау үдерісіне басшылық жасаудан көрінеді.

Жүргізу әдісіне байланысты семинар келесі түрлерге бөлінеді.

**Семинар-сұхбат** семинар жоспарындағы барлық сұрақтар бойынша бүкіл студенттердің сабаққа дайындалуын білдіріп, тақырыпты белсенді талқылауға студенттердің елеулі бөлігінің тартылуын білдіреді. Оқытушының қысқаша баяндамасынан кейін, жоспардағы нақты сұрақтар бойынша бірнеше студенттердің жан-жақты мәлімдемелері тыңдалып,

басқа студенттердің жауаптарымен толықтырылады, соңынан оқытушы қорытындылайды.

**Семинар-дискуссия**, немесе семинар-диспут қандай да болмасын проблеманы ұжымдық талқылау және шешу үшін семинарға қатысушылардың диалогтық сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Талқылау үшін оқытылатын пәннің ең өзекті мәселелері таңдалынады. Участники Дискуссияға қатысушылар өз ойларын нақты құруға, өз пікірлерін ұстап тұруға, сын пікірлерге дәлелді түрде қарсы тұруға үйренеді. Семинар сабақтарының ең тиімді нысаны қатысушылардың сәйкес орналасуы қағидасындағы «дөңгелек үстел». Осыған байланысты диалог арқылы дискуссия тақырыбын бірігіп өрбіту үшін, студенттерді қарым-қатынас, өзара әрекет мәдениетіне үйрету қажет.

**Семинардың аралас нысаны** баяндамаларды талқылау, қатысушылардың еркін сөйлеуі, жоспарланған дискуссиялар түрінде өтеді.

Студенттердің семинарға дайындалуына педагогикалық жетекшілік ету оқытушының баяндамалардың жоспарын құруға көмектесуінен, әдеби қайнар көздерді конспектілеуге үйретуден, рефераттар мен баяндамалардың мәтінін дұрыс рәсімдеуге, өзіндік жұмыс барысында туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беруден көрінеді.

## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

### **Тақырып 1. ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖЕКЕЛЕНГЕН ТҮРЛЕРІН ТЕРГЕУ ӘДІСТЕМЕСІ**

- 1.Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелері
- 2.Қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесінің ұғымы мен міндеттері
3. Қылмыстардың жекеленген түрлері мен топтарын тергеу әдістемесінің пәні мен қағидалары

### **Тақырып 2. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы**

- 1.Криминалистикалық сипаттаманың түсінігі және тарихи аспектілері
2. Криминалистикалық сипаттаманың элементтері

### **Тақырып 3. Адам өлтіру және дене жарақатын салу қылмыстарын тергеу әдістемесі**

1. Адам өлтіру қылмысын тергеу әдістемесінің теориялық алғышарты
- 2.Адам өлтіру қылмысының криминалистикалық сипаттамасы
3. . Тергеудің типтік ситуациялары, болжаулары және жоспарлануы
4. Күш қолдану белгілері бар мәйіт табылған жағдайларда жүргізілетін алғашқы тергеу әрекеттері
5. Келесі тергеу кезеңдерінің міндеттері (мақсаты)

#### **Тақырып 4. Ұрлық қылмыстарын тергеу әдістемесі**

1. Ұрлықтың криминалистикалық сипаттамасы
2. Типтік ситуациялар, болжаулар және тергеудің алғашқы кезеңі
3. Ұрлық істері бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерінің тактикасы

#### **Тақырып 5. Тонау және қарақшылық жолымен жасалған мүлікті талан-таражға салуды тергеу әдістемесі**

1. Тонау және қарақшылық шабуылдарының криминалистикалық сипаттамасы
2. Типтік тергеу ситуациялары, болжаулар және тергеуді жоспарлау
3. Тергеу әрекеттерінің тактикасы

#### **Тақырып 6. Алаяқтық қылмысын тергеу әдістемесі**

1. Алаяқтық қылмысының криминалистикалық сипаттамасы
2. Алғашқы тергеу кезіндегі типтік ситуациялар және тергеу болжауы мен жоспары
3. Алғашқы тергеу әрекеттерінің тактикасы
4. Кейінгі тергеу әрекеттері

#### **Тақырып 7. Қорқытып алушылық қылмыстарын тергеу әдістемесі**

1. Қорқытып алушылық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасы
2. Типтік ситуациялар, тергеу болжауы және алғашқы кезеңі
3. Кейінгі жүргізілетін тергеу әрекеттері

#### **Тақырып 8. Бөтен мүлікті иелену және ысырап ету қылмыстарын тергеу әдістемесі**

1. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасы
2. Істі қозғау кезеңіндегі тексеру әрекеттері
3. Типтік ситуациялар және тергеудің бастапқы кезеңі
4. Жеке тергеу әрекеттерінің тактикасы

#### **Тақырып 9. Көліктегі қылмыстарды тергеу әдістемесі**

1. Көліктегі қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы
2. Типтік ситуациялар мен болжаулар және тергеудің алғашқы кезеңі
3. Тергеу әрекетінің тактикасы

#### **Тақырып 10. Өрт және өрт қауіпсіздігі ережелерін қылмыстық бұзуды тергеудің әдістемесі**

1. Өрт және өрт қауіпсіздігі ережелерін қылмыстық бұзудың криминалистикалық сипаттамасы
2. Тергеудің типтік ситуациялары, болжаулар және жоспарлау
3. Тергеу әрекеттерінің тактикасы

**Тақырып 12. Тұрмыстық қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу**

1. Тұрмыстық қылмыстың түсінігі және криминалистикалық сипаттамасы.
2. Тұрмыстық қылмыстардың алдын алу шараларының жүйесі.

**Тақырып 13. Теріс әлеуметтік құбылыстармен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу.**

1. Қылмысқа байланысты жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың жалпы сипаттамасы.
2. Қылмысқа байланысты жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың алдын алу бойынша ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыру.
3. Мемлекеттік органдардың, қоғамдық және қайырымдылық ұйымдарының нашақорлық негізінде қылмыстың алдын алудағы рөлі.

**Тақырып 14. Экономика саласында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу.**

1. Экономика саласында жасалатын қылмыстардың жай-күйі, серпіні және құрылымы.
2. Экономика саласында қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар.
3. Экономикалық қылмыстардың алдын алудағы ішкі істер органдарының рөлі.

**Тақырып 15. Зорлық-зомбылық қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу.**

1. Ішкі істер органдарының зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу жөніндегі қызметін ұйымдастыру.
2. Зорлық-зомбылық қылмыстарының себептері мен шарттары және олардың қоғамдық қауіптілігі.